

Хаттама №1
Ата-аналар жиналысы

Қайрат ауылы
Қатысқандар:82

03.09.2024ж

Күн тәртібінде:

- 1.2024-2025 оқу жылының мақсат-міндетімен таныстыру, ата-аналар комитетін сайлау. **Меңгеруші**
- 2.Отбасындағы және балабақшадағы бала тәрбиесі. Баяндама. **Әдіскер**
3. Балабақшада әкелер, аналар және әжелер мектебін ұйымдастырудың маңызы. **Меңгеруші**
4. Балабақшада медбикенің кеңестері. **Медбике**

Сөйледі:бірінші мәселе бойынша балабақшаның меңгерушісі

М.Байдаулетова ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап, 2024-2025 оқу жылының мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Ал, бөбекжайдың басымдылық бағыты: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің **негізі бағыттары:**

Бағытталған біріңғай білім беру кеңістігін құру жалпы білім беру үшін мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға балалардың жеке басының мәдениеті, әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық, интеллектуалдық, физикалық қасиеттер. Педагогтар мен ата-аналардың өзара іс-қимыл жүйесін жетілдіру мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты өмір салтына баулу бойынша балалардың денсеулығын нығайту, қауіпсіз білім ортасын қалыптастыру.

2.Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке, мемлекеттік тілді, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды үйренуге тәрбиені балаларда жан-жақты дамыту.

3.Бастапқы экологиялық идеяларды дамыту арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың ғылыми сауаттылығын қалыптастыруға бағыттылған педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру:табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты дамыту; қоршаған әлемге экологиядық сананы, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Организимді шынықтыру бала денсаулығын күшейтудің ең негізгі жолы. Шынықтыру дене тәрбиесінің маңызды бөлігі, ол табиғи факторлардың үйлестірілген әсерлеріне жүйелі түрдегі жаттығулар арқылы орындалады. Шыныққан бала аз ауырады,

тәбеті мен ұйқысы жақсы, бітімі үйлесімді, әрі сымбатты келеді және ауа-райының кез келген жағдайында жеткілікті дәрежеде серуендей алады. Шынықтыру шаралары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Ұзу немесе токтату салдарынан организмді шынықтыру барысында қалыптасқан бейімделу реакциялары жойылады. Сондықтан да, шынықтырудың жүйелілігі, яғни шынықтыру әрекеттері күнделікті кез келген мезгілде жүргізілуі тиіс. Патриоттық тәрбие оқу-тәрбие үрдісінің барлық салаларында, яғни оқыту, білім беру барысында және еңбек үрдісінде жүзеге асырылады.

Балалардың патриоттық жағынан қалыптасуы оның өмірге келген күнінен басталады. Мектепке дейінгі жаста баланың бастапқы патриоттық сезімдері мен ұғымдары, мінез-құлықтың ең қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары келешекте ересек адамдармен және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастарында көзге түседі. Сайып келгенде патриоттық тәрбие үзіліссіз жүргізілетін үрдіс. Ол адамның өмірге келген күнінен бастап өмір бойы жалғаса береді деп түсіндірді. Сонымен қатар балабақшаның ата-аналар комитетін сайлау керектігін айтып өтті. Ата-аналар арасында барлығына өз араларынан ата-аналар сайлауларын ұсынды. Жалпы ата-аналар бір ауыздан «Күншуақ» ересек тобының тәрбиеленушісі Арнад Дүйсенбайдың анасы Т.Бердімұратованы және «Балапан» кіші тобының тәрбиеленушісі Қуатбай Мансұрдың анасы Анар Бүркітбаеваны бірауыздан сайлады.

Екінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері А.К.Есиркепова «Отбасындағы және балабақшадағы бала тәрбиесі» атты баяндама оқыды. Баяндамада Отбасы- қоғамның маңызды буыны. Көп ұлт мекен еткен мемлекетіміздің негізі осы шағын ұжымдардан қаланады. Осы жағына келгенде кез-келген отбасы өзін қоғамның бір бөлігі деп түсінеді. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады,оның бірі дүниеге ұрпақ әкелу-екіншісі дүниеге келген сәбиді пәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың орны ерекше. Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ « Бақытыңды басқадан емес, балаңнан ізде»-деген даналық сөз бар. Кез келген адам өзі жете алмайтын «бақыт» деген құдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреу даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты-тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Олай болса адам өмірінің мәні-өз ұрпағы.

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның меңгерушісі М.Байдаулетова мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде (ҚРҰ 2021 жылғы 15 наурыздағы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген): балаларды ерте жастан дамытуда ұлттық құндылықтарды заманауи теорияларымен үйлестіру ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар

негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру, отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейту, қажеттілігі нақты айтылған, осыған байланысты балабақшамызда «Аталар, әжелер, әкелер аналар мектебін құру туралы кеңесу» туралы айтып өтті. Кеңесуде балабақшамыздың бес тобында да аталған мектеп ұйымдастырылды. Осы жұмыстар бойынша балаларға Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі-тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін кастерлеуге халықтың салт-дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге баулудың маңызы зор. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін кастерлеу, үлкенге-құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеудің маңызы зор. Демек, баланың тәрбиесінде отбасы тәрбиесінің, оның ішінде, ата-әженің, әке мен ананың тәрбиесінің маңызы зор. Ата мен әженің тәрбиесі-қазақы тәрбиенің бастауы, ата сөзі-ақыл көзі ретінде мол асыл қазына, ата сөзінің тәлімдік мәні көне заманнан басталса, оның құдіретін сөз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа дамытушы қарт ұстаз. Әже-ақылдың кені, дананың көзі, әженің өнегесі, тәлімі мен тәрбиесі-өскелең ұрпақтың ұлттық құндылықты дәріптейтін, мақтан тұтатын, қадірлейтін білімді азаматтарды тәрбиелейді. Әке-отбасының тірегі. Әке тәрбиесі-тағылым мектебі, ғасырлық азық. Оның мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі-баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Дәстүрлі қазақ қоғамында тәрбие алған баланың әкеге деген құрметі ерекше болатын. Әкенің аялы алақаны баланың тәрбиесінде ең маңызды фактор мен құрамдас бөлігі. Ана тәрбиесі-отбасылық өмірдің, тәрбиенің негізі екенін айтып өтті.

Төртінші мәселе бойынша балабақшаның медбикесі М.Сарбалаева «Балабақшада медбикенің кеңестерін» тыңдады. Балабақшаның медбикесі мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс тамақтануының негізгі ережесі, күнделікті азығының құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар: ет, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа, жеміс-жидектер мен көкөністер, қант және кондитерлік бұйымдарды, нан, дәнді-дақылдар және т.б. азық-түліктерін күнделікті тамақ үлесіне қосып отырған жағдайда, баланын берік денсаулығын қамтамасыз ете аласыз. Бала ағзасының әртүрлі инфекцияларға қарсы тұруын: ет, балық, жұмыртқа, сүт, ірімшікпен қамтамасыз етеді. Сондықтан осы азық-түліктерді баланың күнделікті тамақтану үрдісіне қосыңыз. Дұрыс тамақтану-өсіп келе жатқан жас ағзаның денсаулығы мен дұрыс өсуіне жағдай жасап, үнемі әсерін беретін маңызды факторларды айтып өтті.

Жарыс сөзге балабақшаның тәрбиеленушісі Айтбай Бейбарстың анасы шығып, күн тәртібінің «Балабақшада әкелер, аналар және әжелер мектебін

ұйымдастырудың маңызы» атты тақырыбындағы, балабақшаларда «Әкелер, аналар және әжелер» мектептерін ашу мен олармен жұмыс жүргізудің маңыздылығы да осында. Балабақша мен ата-ананың, яғни отбасы тәрбиесі балабақша жұмысымен сабақтасып, ұштастып жатқанда ғана іргетасы мықты елге айналуымыз айдан анық. Әкенің тәрбиесі мен әженің тәлімі, ананың өнегесі-сан ғасырлық тәрбиенің негізгі көзі, қайнар бұлағы. Ұлттық құндылықты, ұлттық тәрбие, ұлттық сананы қалыптастыру, оны балаларымыздың бойына сіңіру, меңгерту-еліміздің жарқын болашағының көрінісі, берекелі бүгінгіміздің нышаны, кемелденген келешектің болмысы екенін айтты.

Шешім:

- 1.2024-2025 оқу жылының мақсат-міндетімен таныстырылып, ата-аналар комитеті сайланды.
- 2.Отбасындағы және балабақшадағы бала тәрбиесі атты баяндамасы тыңдалды.
- 3.Балабақшада әкелер, аналар және әжелер мектебін ұйымдастырудың маңызы түсіндірілді.
4. Балабақшада медбикенің кеңестері берілді.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



М.Байдаулетова

А.К.Есиркепова

Балабақшада медбикенің кеңестері

Мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс тамақтануының негізгі ережесі, күнделікті азығының құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар: ет, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа, жеміс-жидектер мен көкөністер, қант және кондитерлік бұйымдарды, нан, дәнді-дақылдар және т.б. азық-түліктерін күнделікті тамақ үлесіне қосып отырған жағдайда, баланың берік денсаулығын қамтамасыз ете аласыз. Бала ағзасының әртүрлі инфекцияларға қарсы тұруын: ет, балық, жұмыртқа, сүт, ірімшікпен қамтамасыз етеді. Сондықтан осы азық-түліктерді баланың күнделікті тамақтану үрдісіне қосыңыз. Дұрыс тамақтану-өсіп келе жатқан жас ағзаның денсаулығы мен дұрыс өсуіне жағдай жасап, үнемі әсерін беретін маңызды фактор.

Тамақтану ережесін ұйымдастыру

Тамақтану ережесін ұйымдастырудың негізі-ұсынылған азық-түліктер жиынтығын ұстану болып табылады. Осы топқа енетін тағамдардың құрамы-мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық қажеттіліктері мен калорийлік құндылығын қамтамасыз етеді. Бұл жерде ең маңыздысы-топ ішінде жағымды эмоциялық көңіл-күй мен жақсы орта қалыптастыру. Балалар үстел үстінде ыңғайлы отырып, қажетті ыдыс-аяқтармен қамтамасыз етілуі керек. Балалар тамақтануын ұйымдастырушылар, баланың үйде пайдалы тамақтануымен үйлесімін табуы керек. Үйдегі тамақтанудың, балабақшаның тамақтану үлесін толықтырып отыруына қол жеткізуі керек. Осы мақсатта, ата-аналар балаларының балабақшадағы күнделікті ас мәзірінен хабардар болып отырады. Балаңызды балабақшаға апарар кезде, тамақтану тәртібі мен тәбетін бұзбау үшін, үйде тамақтандырмауға кеңес береміз. Бірақ, балаңызды ертерек әкелетін болсаңыз, шай, шырын немесе жеміс беруге болады. Бейімделу кезеңіндегі тамақтану.

Балалар тамағын ұйымдастыруда, ерекше назар аударатын жайт, Баланың бейімделу кезеңіндегі тамақтану тәртібі. Үй тәрбиесіндегі баланың бақша тәрбиесіне өту кезеңі қашанда, анықталған психологиялық қиыншылықтармен бірге өтеді. Бала неғұрлым жас болса, соғұрлым балабақшадағы ортаға бейімделуі қиынға түседі. Осы тұста, көбінесе, баланың ұйқысы бұзылып, тәбеті төмендеп, жалпы ағзасының ауруларға қарсы тұратын қорғаныштық қабаты да әлсірейді. Бала үшін осы кезеңде, дұрыс тамақтандыруды ұйымдастырса, ол ортаға бейімделіп, ұжымға тез үйренеді. Өздігінен тамақтануға үйретілмеген балаларды тамақтандыру үшін, тәрбиешілерге, дұрыс тамақтандыру тәртібі жөнінде кеңестер беріледі. Ондай балаларды қолдан тамақтандырыңыз, егер осы кезде бала қарсылық танытса, күштеп тамақтандыруға болмайды. Осы әрекет баланың балабақшаға деген жағымсыз көз қарасын күшейте түседі (бақшада жарты күн болатындарын, үйлерінде тамақтандырсын).

4Баланың үйде тамақтануы.

«Мөлдір бұлақ» бобекжай-балабақшасы

**Балабақшада медбикенің кеңестері
(Ата-аналар жиналысы)**

Дайындаған: Медбике

Қайрат ауылы 2024-2025 оқу жылы

«Мөлдір бұлақ» бөбекжай-балабақшасы

**Балабақшада әкелер, аналар және әжелер мектебін
ұйымдастырудың маңызы
(Ата-аналар жиналысы)**

Дайындаған: Меңгеруші

Қайрат ауылы 2024-2025 оқу жылы

Балабақшада әкелер, аналар және әжелер мектебін ұйымдастырудың маңызы

Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің негізгі тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт-дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге баулудың маңызы зор. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге-құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеудің маңызы зор. «Қайырымдылықты-халықтан, пайымдылықты-қариядан үйрен» деген ұлтымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттермен әдет-ғұрыпты іс-әрекеттерінде ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру. Бүгінгі ғаламданду процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіндіруді мақсат тұтқан. «Тәрбие -тал бесіктен» демекші, балабақшадағы ұлттық тәрбиенің маңызы мен алатын орны ерекше. Еліміздің тұғырын мәңгі биікке желбірететін, ұлттық санасы мен сезімі қалыптасқан, ұлттық рухы биік, ұлттық құндылығын, ата дәстүрді, әдеп пен ғұрыпты, өркениетіміз бен мәдениетімізді мұра етіп жалғайтын жеке тұлғаны тәрбиелеудің басты негізі-балғындардың мекені балабақшадан бастау алады. Баланың тәлімі мен тәрбиесі жан-жақты қамтылған, жүйелі түрде болғанда ғана жан - жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасады. Демек, баланың тәрбиесінде отбасы тәрбиесінің, оның ішінде, ата-әженің, әке мен ананың тәрбиесінің маңызы зор.

Ата мен әженің тәрбиесі-қазақы тәрбиенің бастауы, ата сөзі-ақыл көзі ретінде мол асыл қазына, ата сөзінің тәлімдік мәні көне заманнан басталса, оның күдіретін сөз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа дамытушы қарт ұстаз. Әже-ақылдың кені, дананың көзі, әженің өнегесі, тәлімі мен тәрбиесі-өскелең ұрпақтың ұлттық құндылықты дәріптейтін, мақтан тұтатын, қадірлейтін білімді азаматтарды тәрбиелейді.

Әке-отбасының тірегі. Әке тәрбиесі-тағылым мектебі, ғасырлық азық. Оның мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі-баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Дәстүрлі қазақ қоғамында тәрбие алған баланың әкеге деген құрметі ерекше болатын. Әкенің аялы алақаны баланың тәрбиесінде ең маңызды фактор мен құрамдас бөлігі. Ана тәрбиесі-отбасылық өмірдің, тәрбиенің негізі. «Ананың тәрбиесін мың ұстаз бере алмайды, болсадағы білгір бір ұстаз» дегендей, баланың бойындағы ізгілік пен сыпайылық, адами құндылықтар, ізеттілік, кішіпейілділік, биязылық сынды қасиеттердің бәрі ананың тәрбиесі мен ақ сүтімен дариды. Сондықтан да ананың тәрбиесі-ұлттық болмыстың негізгі кілті болып табылады.

Балабақшаларда «Әкелер, аналар және әжелер» мектептерін ашу мен олармен жұмыс жүргізудің маңыздылығы да осында. Балабақша мен ата-ананың, яғни отбасы тәрбиесі балабақша жұмысымен сабақтасып, ұштастып жатқанда ғана іргетасы мықты елге айналуымыз айдан анық.

Әкенің тәрбиесі мен әженің тәлімі, ананың өнегесі-сан ғасырлық тәрбиенің негізгі көзі, қайнар бұлағы. Ұлттық құндылықты, ұлттық тәрбие, ұлттық сананы қалыптастыру, оны балаларымыздың бойына сіңіру, меңгерту-еліміздің жарқын болашағының көрінісі, берекелі бүгінгіміздің нышаны, кемелденген келешектің болмысы.

Ендеше, ұлттық құндылығымыз бен салт-сананы бірлесе отырып бірге қалыптастырайық! Егемендігіміз бен елдігіміздің тұғырын көтеретін ұлттық рухы биік, адами қасиеттері мен парасатты білімді азаматтарды тәрбиелеуге бірге ат салысайық!

«Мөлдір бұлақ» бөбекжай-балабақшасы

**Баяндама
Отбасындағы және балабақшадағы бала тәрбиесі
(Ата-аналар жиналысы)**

Дайындаған: Әдіскер

Қайрат ауылы 2024-2025 оқу жылы

Отбасындағы және балабақшадағы бала тәрбиесі

Отбасы- қоғамның маңызды буыны. Көп ұлт мекен еткен мемлекетіміздің негізі осы шағын ұжымдардан қаланады. Осы жағына келгенде кез-келген отбасы өзін қоғамның бір бөлігі деп түсінеді. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады,оның бірі дүниеге ұрпақ әкелу-екіншісі дүниеге келген сәбиді пәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың орны ерекше. Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассак « Бакытынды баскадан емес, балаңнан ізде»-деген даналық сөз бар. Кез келген адам өзі жете алмайтын «бакыт» деген күдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бакытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреу даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бакытты-тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Олай болса адам өмірінің мәні-өз ұрпағы. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз-ата-ана. Ата-ананың баламен жасайтын қарым-қатынасының үлкен тәрбиелік мәні бар. Мәдениетті отбасындағы ерлі -зайыпты кісілердің бір-біріне айтқан игі ниеті, кішіпейілдігі, отбасындағы туындаған мәселелерді ақылдаса отырып шешуі бала мінезіне жағымды әсер етеді. Бала тез еліктегіш, иланғыш болғандықтан жаман қылықтарды да тез үйренеді. Бала кішкентай кезінен әр нәрсеге әуестеніп,үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір ата-ана «жұмысымды бүлдіресін» деп ұрысып жіберуі мүмкін, бұл қате түсінік. Керісінше өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды.Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындалуына төзімділікпен бакылау керектігін де ұмытпаған жөн. Әр істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы істерін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырманы орындауға қарсылық білдірмейді. Баланың айналасындағы бүкіл өмір шындығы-табиғат, қоғамық орта, ең алдымен адамдар, бәрінен бұрын ата-аналар мен тәрбиешілер тәрбиелейді. Тәрбиелеу дегеніміз - балаға мақсат қойып, ұйымшылдықпен және жүйелі ықпал жасау деген сөз, осы ықпалдың арқасында бала тәрбиеші талап еткен мінезге ие болып, мінез-құлық ережелерін бойына сіңіреді.Тәрбие баланың дене және ақыл - ой қабілетін дамытады, оны алдағы еңбекке даярлайды, сол бойынша қоғамның болашақ белсенді қайраткерлері өсіп шығады.

Ата-анаға мынадай кеңесті ұсынамын:

Баланың әр күнді бастауы, қарсы алуы сәтті болу керек; ол үшін таңертен баланы оятқанда жайлы, баппен оятыңыз; ол сіздің күлімдеп, мейіріммен өте жақсы көріп тұрғаныңызды сезуі керек.

-Балаға балабақшаға барар алдында сенімділік сәттілік тілеу керек.

-Бала балабақшадан келгенде бірден сұрақтар қойып,қарсы алмау керек.

-Бала бірдене айтқысы келсе, қарсы болмай тыңдау керек.

-Бала ренжіп отырса, себебін өзі айтқанша асықпаңыз.

-Балаңызға қатты дауыспен сөйлеменіз, баланың жүйкесіне әсер етеді.

Отбасы- бала дамуы мен калыпты өмір сүруіне тиімді жалғыз орын. Бала үшін туған отбасы-алтын дінгек. Отбасындағы жылулық пен мейірімді ештеңемен алмастыру мүмкін емес. Отбасының бірлігі ұрпақ тәрбиесінде өте қажет. Бұл- өте қымбат ұлттық құндылық.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі осындай міндеттерді іске асырушылар мектепке дейінгі мекеме мен отбасы. Осы екі арада жүргізілетін тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса өткізілгенде ғана көзделген мақсат нәтижелі болары сөзсіз.

Біз ХХІ ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа ғасырда өркенетті елдер қатарынан орын аламыз десек, жас ұрпағымызды дұрыс тәрбиелеуге, дұрыс білім беруге міндеттіміз.

Тәрбиенің сан қилы дағдыларын бала бойына дарытатын алғашқы білім баспалдағы – балабақша, жол сілтеп, жетелеп, үйретуші -тәрбиеші. Балабақшадағы тәрбие - ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан парасатты, адамгершілік қадір – қасиеті мол, физикалық және моральдық жоғары белсенді жеке адамды қалыптастырып шығару процесі болып табылады. Тәрбиелеу мен білім берудің әрекеті практикалық процесс үстінде қалыптастырылады. Тәрбиелеу мен оқытудың міндеттері баланың осы іс-әрекет түрлерін қалыптастыру және оны белгілі бір мақсатқа бағыттап отыруды көздейді. Ойнау, еңбек ету, және білім алу барысында ақыл-ой, көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді. Бала осы кезде белгілі дәрежеде білім алады, іскерлікке үйренеді, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға, қоғамдық өмірдің әдет дағыларын игеруге бейімделеді. Іс-әрекеттің осы түрлерін ғана дамыту арқылы тәрбиелеу, білім беру міндеттерін шешуге, бала дамуын дұрыс жолмен бағыттап отыруға мүмкіндік туады. Жаксы ойнап, еңбек ете білетін әрі оқуға қабілетті баланы ересек адамдар мен балалар қоғамында өмір сүруге қажетті қасиеттерді толық игерген, «тәрбиелі бала» деп атауға болады. Жоғарыда аталып өткен іс-әрекеттің әрқайсысы бала дамуына өзіндік, өзіне тән үлесін қосады. Мысалы, тәрбиенің ең маңызды міндеті саналатын ақыл-ой тәрбиесінің өзі бала ойының: еңбегін және балалардың оқуын үнемі бағыттап отыру арқылы жүзеге асатыны бізге балаларды тәрбиелеу тәжірибесінен таныс. Адамгершілікке тәрбиелеу міндеттері жөнінде де осыны айтуға болады. Бала өзін-өзі көрсете білсе, ойын, оқу, еңбек сияқты құнды дүниелерге тәрбиеленеді деген сөз. Өйткені, мұнда олардың өзара ересек адамдармен қарым-қатынасы қалыптасады. Іс-әрекеттің әрбір түрінде осылайша өзара ұштасып жататын педагогикалық мүмкіндіктерді ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тіршілік әрекеттерін, тәрбиелік мақсатқа сай ұйымдастыра аламыз. Ойын, еңбек, оқу арқылы біз балаларға белгілі бір тұрғыдан ықпал жасай аламыз. Бірақ біз ойын, еңбек, оқыту өзара ұштасқан жағдайда ғана баланың жеке басын дамытуда толық нәтижеге жете аламыз.

Балабақшаның негізгі міндеті – баланың жеке басының бастапқы қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл жас баланың ақыл-ойының дамуы мен даярлығы үшін қолайлы кезең. Осы кезеңде бала оқу мен тәрбиені қалыптастыруға, өз қызметін білуге, тілдік қатынастың қарапайым тәжірибесінде өзін-өзі таныта білуге, мінез-құлық мәдениетіне, жеке гигиеналық және салауатты өмір салтының негіздеріне бағдарланады. Сонымен қатар балаға «сіз», «рақмет», «кешіріңіз»,

«өтінемін» деген сияқты сыпайылықты білдіретін сөздерді үлкендерге айтып жүруге үйрету, оған дағдыландыру ата-аналар мен тәрбиешілердің міндеті. Баяндаманы қорыта келе: Тәрбие кезінде отбасының, балабақшаның да алатын орны бар. Ата-ана баласына өз отбасын қадір тұтудан бастап, «туған -туыс, Отан, Қазақстан» деген ұғымдарды терең түсінгені, құрметтеп қарауға тәрбиелеу керек екенін ұғындыру. Отбасы жауапкершілігі бәрінен биік болмақ.